



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«13» 10 2021 ЖЫЛҒЫ №68
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Ең үздік химия пәнінің мұғалімі»
қалалық байқауды ұйымдастыру
және өткізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) жоспарына сәйкес химия пәні педагогтерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ең үздік химия пәнінің мұғалімі» қалалық байқауы химия пәні педагогтері арасында 2021 жылғы 29 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласының № 66 мектеп-лицей базасында өткізілсін.

2. Химия пәні педагогтеріне арналған «Ең үздік химия пәнінің мұғалімі» байқауы (бұдан әрі – Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Байқауды ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Байқаудың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Байқауды қаржыландыру шығындары сметаға сәйкес төленуі камтамасыз етілсін (Есхожина Ж.Д.).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары Г.Абишеваға жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев